

**1-тапсырма.** Суретте не бейнеленген? Ол жөнінде не айттар едіңіз? Болжам жасаңыз.



**2-тапсырма.** Мәтін үзіндісін оқушылардың оқуынан тыңдаңыздар. Кейіпкерлердің сөзін көңіл күйіне қарай жеткізе алды ма? Сұраулы, лепті сөйлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқыды ма? Бағалаңыздар.

«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі **домбыраның екі ішегі** сияқты болады еken, онымен пойыз деген отпен жүретін арба келеді еken» деген қауесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тарап кетті...

– **Шойыннан істелген арба** дейді, от күшімен көп жүк сүйрейді еken, – десті төбе басында отырғандар.

– Ол қайда барады еken?

– Мына Копаны басып өтеді дейді жүрт.

Шетте отырған, жасы жиырмалар шамасындағы қара жігіт ел аузына біраз қарап тұрды да, орнынан тұрып кетті.

Ол үйіне келгенде, үй іші алакөлеңкеленіп тұр екен.

— Апа, — деді ол отты үрлеп жатқан шешесіне, — мен шойын жолға жұмысқа тұрсаң қайтеді?

— Жассың ғой әлі, қалқам.

— Ой, апа, жиырмаға келген адам жас болушы ма еді?!

— Анығын білдің бе? Жұмысшы ала ма екен?

— Әзірше менің естігенімнің бәрі тұспал.

Сөз басыла бергенде, киіз үйдің есігі ашылды да, сөлем беріп мосқал тартқан, аласа бойлы, қара сақалды кісі кіріп келді. Бұл Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді.

— Тосекеңбісіз? Төрге шығыңыз.

— Жоқ, асығыспын, — деді Тосқанбай.

— Қопа жаққа барып едім. Қопаны бастыра шойын жол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. Сен де жұмыс іздең жүр дегенді естіп, айта кетейін деп едім. Мен қазір барып демаламын да, тан сәріден көшемін. Үлкен балам екеумізге жұмыс беретін болды.

— Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін, — деді үй иесі...

*Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолшы» әңгімесінен*



**3-тапсырма.** Әңгімені қайталап оқыңыздар. Қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.



**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әңгіме кімдердің арасында өтті?
2. Әңгімеге қандай тақырып арқау болды?
3. Ауыл адамдары неліктен Қопаға көшпек болды?
4. Шойын жол ауылга не үшін салынды?



**5-тапсырма.** Темендегі сөздер мен тіркестердің қайсысына көптік жалғауы жалғанады, қайсысына жалғанбайды? Анықтаңыздар.



Жол, от, пойыз, барлық жұмысшы, шойын, Балқаш, арба, жұмыс, кәсіподақ, жүрт, топырақ, нарық, бірнеше күн, жүк.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Мәтіннің құрылымындағы ерекшелікті анықтаңыздар.

Құрылыш қызу жүріп жатыр. Мұндағы адамдардың көбі осы маңдағы Күрті болысынан келгендер көрінеді. Кешегі «мен көшемін» деген кісі сайдан топырақ тасып жүр.

Лашығын өзен бойына қалдырып, жол құрылышының бастыры тіккен шатырға жүгіріп келген жігіт көп кідірмей-ақ шатырдан қуана шықты. Әуелі ол шатырға кірерде, «осылар қазақша сезімді

### Түсіндірмे сөздік

**тұспал** – болжам

**мосқал тартқан** – біраз жасқа келген, қартайған



— Ендеше, мен қағаз жазып берейін, ана Тарасов деген кісіге бар, ол саған жұмыс береді. Ендігі сенің бастығың сол болады.

— Күп.

Осыдан кейін ол жұмысқа кірісті. Оның жұмыс істеуіне сары атан тиді. Осы сары атанды жетелеп, Әліш бірнеше күн басқалармен бірге топырақ тартты. Азғана күннің ішінде жап-жазық далада топырақ жалданып, тау болып үйіліп қалды. «Көп түкірсе — көл» деген осы екен-ау деп ойлады Әліш.

Аз күнде Әліш құрылышшылармен үйренісіп кетті. Ауылдағы жолдастарының да көбісі осында келді. Жұмысшылардың бірсышырасы тасылған топырақты тегістеп, нықтап, таптап, енді бірсышырасы тақтай тілуге кірісті...


*Б. Қыдырбекұлы, «Теміржолшы» әңгімесінен*



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойып, диалог құрындыздар.



**8-тапсырма.** Менталды картаны толтырындыздар.



түсінбес» деп жүрексініп еді, олай болмады, кіріп баған жігітке:

— Амансың ба? — деп қазақша сөйлем, мұртты сары кісі Столяров орнынан тұра келіп, қолын өзі берді.

— Амансыз ба? — деді, не айтарын білмей қалған Әліш те.

— Жұмыс сұрай келдің бе?

— Иә.

## Үй тапсырмасы

---



**9-тапсырма.** Ойтаразы, ПОПС формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

*Бірінші сөйлем.* Менің ойымша, ... .

*Екінші сөйлем.* Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

*Үшінші сөйлем.* Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

*Соңғы сөйлем.* Осыған байланысты мен ..., деген түйін жасадым.